

**"Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника, А. Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар және Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 993 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 26 маусымдағы № 269 Жарлығы.

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника, А. Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар және Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 993 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника және А. Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар саласындағы мемлекеттік сыйлықтарын беру жөніндегі комиссияның құрамына енгізілсін:

Сарбасов Дос Жұрмаханбетұлы	-	"Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымы "National Laboratory Astana" жекеше мекемесінің бас директоры,
Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас ғылыми қызметкері,
Ахмедов Дәулет Шафуғұллаұлы	-	техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі;

мына:

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жетекшілік ететін орынбасары",

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы" республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)" деген жолдар тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жетекшілік ететін бірінші орынбасары",

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының президенті";  
мына:

"Закарья Күнсұлу	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің "Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры, биология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)"
------------------	---	--

деген жол алып тасталсын;

жоғарыда аталған Комиссияның құрамынан: Д.Ж. Ахмед-Заки, М.М. Дәуленов шығарылсын.

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамына енгізілсін:

Құлкенов Мереке	-	Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, "Достық" орденінің иегері, "Қазақстан жазушылар одағы" республикалық қоғамдық бірлестігі басқармасының төрағасы (келісім бойынша),
Сатыбалды Азамат	-	тележүргізуші, кино және театр актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ректоры;

жоғарыда аталған Комиссияның құрамынан: Ұ. Есдәулет, А.Ә. Жүдебаев шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев